

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 16 қарашадағы N 1465 қаулысы.
Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1117 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Азаматтардың денсаулығын сақтау саласында мемлекеттік басқаруды жетілдіру туралы" 2001 жылғы 17 қазандағы N 705 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің қарауындағы ұйымдардың тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министріне оның төрт, соның ішінде бір бірінші вице-министрі болуына рұқсат берілсін. <*>

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.02.03. N 123 қаулысымен.

Ескерту. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.06.19. N 577 қаулысымен .

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің штат санының лимиті 109 бірлік мөлшерінде белгіленсін.

4. 2002 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің мына ведомстволары: Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті мен Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитеті құрылсын.

5. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ведомстволары туралы ережелердің жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізсін;

2) ережелер бекітілгеннен кейін әділет органдарында ведомстволардың мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

6. "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау агенттігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 3 желтоқсандағы N 1852 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 53, 527-құжат) күші жойылды деп танылсын.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2001

жылғы

16

қарашадағы

N

1465

қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) басшылық жасауды, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте арнайы атқарушылық, бақылау, қадағалау функцияларын және азаматтардың денсаулығын сақтау медицина ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы орган болып табылады. <*>

Министрліктің мынадай ведомстволары болады: Мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау комитеті, Фармация, фармацевтика және медицина өнеркәсібі комитеті.

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.11.07. N 1111 қаулысымен .

2. Министрлік өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің кесімдеріне, өзге де нормативтік құқықтық кесімдерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Министрлік мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес банктерде шоттары болады.

Министрлік азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Министрліктің мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарабы болуға, егер ол заңнамаға сәйкес осыған уәкілетті болса, құқығы бар.

4. Министрлік Қазақстан Республикасының аумағында міндетті күші бар өз құзыретіндегі мәселелер бойынша Министрдің бұйрықтарымен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

5. Министрліктің штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Министрліктің заңды мекен-жайы:
473000, Астана қаласы, Мәскеу көшесі, 66.

7. Министрліктің толық атауы - "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі" мемлекеттік мекемесі.

8. Министрліктің құрылтай құжаты осы Ереже мен Қазақстан Республикасы Президентінің "Азаматтардың денсаулығын сақтау саласында мемлекеттік басқаруды жетілдіру туралы" 2001 жылғы 17 қазандағы N 705 Жарлығы болып табылады.

9. Министрліктің қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Министрлікке өзінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәнінде арналған кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Министрлікке заңнамалық кесімдермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілген болса, онда мұндай қызметтен алынған кіріс республикалық бюджет кірісіне жіберіледі.

2. Министрліктің негізгі міндеттері, функциялары мен құқықтары

10. Министрліктің негізгі міндеттері:

1) халықтың денсаулығын сақтау медицина ғылымы, медициналық және фармацевтикалық білім беру саласында бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізу;
< * >

2) азаматтардың заңнамаға сәйкес мемлекет кепілдік берген көлем шегінде тегін медициналық көмек алуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

3) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды ұйымдастыру және олардың орындалуын бақылау;

4) халықты және емдеу-алдын алу ұйымдарын қауіпсіз, тиімді және сапалы дәрі-дәрмек құралдарымен қамтамасыз етуді ұйымдастыру;

5) денсаулық сақтауды, фармацевтика және медицина өнеркәсібін дамыту жөніндегі іс-шараларды белгілеу;

6) ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік ұйымдардың материалдық-техникалық базасын дамыту және оларды жарақтандыруды қамтамасыз ету; < * >

7) Министрліктің құзыреті шегінде халықаралық ынтымақтастықты ұйымдастыру және дамыту болып табылады.

Ескерту. 10-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.11.07. N 1111 қаулысымен.

11. Министрліктің заңнамада белгіленген тәртіппен жүзеге асыратын функциялары мыналар болып табылады:

1) денсаулық сақтау саласындағы тұжырымдамаларды, денсаулық сақтауды

медициналық және фармацевтикалық білім беруді дамыту стратегияларын, мемлекеттік және мақсатты бағдарламаларды, даму жоспарларын, әлеуметтік-экономикалық және ғылыми-техникалық бағдарламаларды әзірлеу, өз құзыреті шегінде оларды іске асыру жөніндегі шараларды жүзеге асыру және олардың орындалуын бақылау; <*>

2) денсаулық сақтау медициналық және фармацевтикалық білім беру саласындағы жобаларды дайындауға қатысу және заңнамада белгіленген тәртіппен халықаралық шарттар мен келісімдерді жасасу; <*>

3) республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі функцияларын атқару;

4) өз құзыреті шегінде мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық, дәрі-дәрмектік қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдерді әзірлеу және бекіту;

5) бюджеттік болжамды әзірлеуге және республиканың денсаулық сақтау саласын индикативтік жоспарлауға қатысу;

6) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің тізбесін әзірлеу;

6-1) медициналық және фармацевтикалық білім беруді қоса алғанда, денсаулық сақтау саласындағы стандарттарды, денсаулық сақтау ұйымдарының номенклатураларын, олардың қызметі туралы ережені, дәрігерлік лауазымдар мен мамандықтардың номенклатураларын, құрылымдар мен үлгі штаттарды және штаттық нормативтерді, халыққа медициналық қызмет көрсетудің көлемі мен деңгейінің нормативтерін, бастапқы медициналық-санитарлық, білікті стационарлық, мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмектің, қалыпқа келтіріп емдеу мен медициналық оңалтудың түрлері мен көлемін, азаматтарға ақылы қызмет көрсету кезінде медициналық есепке алу-есеп беру құжаттамаларын жүргізудің нысандарын, сондай-ақ кеңейтудің салалық жүйесін әзірлеу және бекіту; <*>

6-2) санаторийлік-курорттық емдеу, амбулаториялық-емханалық ұйымдардың санаттары, сондай-ақ медициналық көмек көрсету тәртібі мен азаматтарды дәрі-дәрмек құралдарымен қамтамасыз ету көрсетілген аурулар мен денсаулықтың бұзылуларының тізбесін айқындау; <*>

7) заңнамамен белгіленген жағдайларда ведомстволық бағыныстағы ұйымдар көрсететін ақылы қызметтерге бағаларды бекіту;

8) медициналық ғылымның басым бағыттарын дамытуды қамтамасыз ету жолымен денсаулық сақтауды реформалау жөніндегі шараларды жүзеге асыру және ғылыми зерттеулер мен талдамалардың нәтижелерін емдеу-алдын алу ұйымдарының практикасына енгізуді ұйымдастыру;

9) ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік ұйымдардың, сондай-ақ медициналық және фармацевтикалық білім беру ұйымдарының қызметін

үйлестіруді және оларға басшылық жасауды жүзеге асыру; <*>

10) денсаулық сақтау саласында жекешелендіру саясатын жүргізуге қатысу;

11) денсаулық сақтау объектілерін жекешелендіру мәселелерін шешуге қ а т ы с у ;

12) меншік нысанына қарамастан жергілікті атқарушы органдар арқылы аумақтық денсаулық сақтау органдары мен ұйымдарының қызметін үйлестіруді және бақылауды жүзеге асыру;

13) өз құзыретінің мәселелеріндегі салааралық үйлестіруді жүзеге асыру, сондай-ақ халықтың денсаулығын сақтау жөніндегі мемлекеттік, мақсатты және кешенді бағдарламаларды іске асыру жөнінде қоғамдық ұйымдармен өзара і с - ә р е к е т ж а с а у ;

14) төтенше жағдайлар кезінде азаматтарға тегін медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру және оларды дәрі-дәрмек құралдарымен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз ету; <*>

15) өз құзыреті шегінде медициналық сараптамалардың түрлері жөніндегі қызметті ұйымдастыру және оған басшылық жасауды жүзеге асыру; <*>

16) фармацевтика және медицина өнеркәсібін дамыту жөніндегі шараларды ж ү з е г е а с ы р у ;

17) азаматтардың денсаулығын сақтау саласында заңнаманы қолдану практикасын талдау және қорыту, оны жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу, азаматтардың денсаулығын сақтау мәселелері жөніндегі заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық кесімдердің жобаларын дайындауға қатысу;

18) денсаулық сақтау саласына шетел несиелері мен инвестицияларын тарту және пайдалану жөніндегі ұсыныстарды енгізу;

19) денсаулық сақтау кадрларын даярлауды және біліктілігін арттыруды ұ й ы м д а с т ы р у ж әне жү р г і з у ;

19-1) біліктілік емтихандарын өткізу тәртібін айқындау; <*>

20) мынадай қызметтерді лицензиялауды жүзеге асыру:

Алматы қаласының аумағында жүзеге асырылатын қызметті қоспағанда, медициналық және дәрігерлік қызметті;

емдік препараттарды дайындауға және сатуға байланысты қызметті (жануарлардың, өсімдіктер мен шөптердің құрамында есірткі құралдары мен психотроптық заттар жоқ емдік өнімдерді өсіруден, жинау мен сатудан басқа);

Алматы қаласының аумағында жүзеге асырылатын қызметті қоспағанда, дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау құралдары мен препараттарын дайындауға, өндіруге, қайта өңдеуге және көтерме саудада сатуға байланысты қызметті, сондай-ақ оларды пайдалануға байланысты жұмыстар мен қызмет көрсетулердің түрлерін;

денсаулық сақтау жүйесіндегі есірткі құралдары, психотроптық заттар мен

прекурсорлар айналымына байланысты қызметтің түрлерін: тасымалдауды, сатып алуды, сақтауды, бөлуді, сатуды, пайдалануды, жоюды;

21) дәрі-дәрмек құралдарын әкелуге және әкетуге келісуді жүзеге асыру; <*>

22) өтініш иесінің біліктілік деңгейінің лицензия алуға сәйкестігіне сараптамалық бағалау жүргізуге заңды және жеке тұлғаларды тіркеудің тәртібін белгілеу және жүзеге асыру;

23) медицина ғылымының дамуын қамтамасыз ету және денсаулық сақтау саласындағы ғылыми қызметті үйлестіру; <*>

24) медицина және фармацевтика кадрларын даярлау сапасын бақылауды жүзеге асыруға қатысу;

24-1) денсаулық сақтау саласындағы стандарттарды сақтауды және денсаулық сақтау ұйымдарында стационарлық емдеуде болған науқастарды дәрілік қамтамасыз етуді бақылауды жүзеге асыру; <*>

24-2) мемлекеттік денсаулық сақтау басқармасының жергілікті органдары басшылары мен мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдары басшыларының кәсіптік құзыреттілігіне аттестаттау жүргізу; <*>

25) медицина және фармацевтика қызметкерлеріне біліктілік санаттарын беру ;

26) Қазақстан Республикасының аумағында санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің жұмысына басшылық жасауды жүзеге асыру ;

27) жұқпалы ауруларға қарсы халықты алдын алу егулерін ұйымдастыру;

28) Қазақстан Республикасының аумағын аса қауіпті және карантинді жұқпалы аурулардың әкелінуінен және таралуынан сақтауды ұйымдастыру;

29) Қазақстан Республикасының ведомстволық санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау объектілерінде мемлекеттік органдармен санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету жөнінде өзара іс-қимыл жасау, өз өкілеттіктері шегінде санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормаларды, гигиеналық нормативтерді бекіту; <*>

30) Мемлекеттік фармакопея мен Дәрілік құралдардың мемлекеттік тізілімін, медициналық мақсаттағы дәрі-дәрмек құралдары, бұйымдар мен техника жөніндегі нормативтік-техникалық құжаттаманы бекіту;

31) медициналық практикада дәрі-дәрмек құралдарын қолдануға рұқсаттарды беруді және тіркеуді жүзеге асыру, дәрі-дәрмек құралдарының жарнамасына рұқсаттарды беру ;

32) медициналық жабдықтардың, медициналық және санитарлық-гигиеналық мақсаттағы бұйымдарды өндіру мен олардың сапасын, сондай-ақ дәрі-дәрмек

құралдары айналымы саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру; <*>

33) амбулаториялық емдеу кезінде оларға дәрі-дәрмек құралдары, мамандандырылған емдеу тағамдары рецепт бойынша тегін немесе жеңілдікті шартпен берілетін негізгі (өмірлік маңызды) дәрі-дәрмек құралдарының тізімін, аурулардың түрлері мен халықтың жекелеген санаттарының тізбесін бекіту; <*>

34) халық денсаулығының жай-күйіне талдау жасау, медициналық-статистикалық ақпаратты әзірлеу және ұйымдастыру, медициналық құжаттаманы есепке алу-есеп беруді жетілдіру жөніндегі іс-шараларды жүргізу, сондай-ақ денсаулық сақтау саласында мемлекеттік статистикалық есепке алу мен есеп беруді жүргізуді қамтамасыз ету; <*>

34-1) денсаулық сақтау саласында, оның ішінде дәрі-дәрмек құралдарын басқару жөніндегі республикалық ақпараттық және коммуникациялық жүйелерді құруды және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету; <*>

35) өз құзыреті шегінде басқа мемлекеттік органдар мен ұйымдардың медициналық ұйымдарының қызметін үйлестіруді жүзеге асыру;

36) Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарды орындау жөнінде өз қызметі аясында халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау және ынтымақтастықта болу;

37) заңнамамен өзіне жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Ескерту. 11-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.11.07. N 1111 қаулысымен .

12. Өзінің негізгі міндеттерін іске асыру және функцияларын жүзеге асыру мақсатында Министрліктің өз құзыреті шегінде заңнамада белгіленген тәртіппен м ы н а д а й қ ұ қ ы қ т а р ы б а р :

1) медициналық қызметтер көрсетудің, дәрі-дәрмек құралдарының қауіпсіздігіне, тиімділігі мен сапасына, фармацевтикалық қызметке мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру әрі медициналық қызметтер көрсету, дәрі-дәрмек құралдарының айналымы бойынша заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді бұзғаны үшін заңды және жеке тұлғаларды жауапкершілікке тарту жөнінде тиісті органдарға ұсыныстар енгізу;

2) мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыру және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғандығы үшін әкімшілік ықпал ету шараларын қ о л д а н у ; < * >

3) ведомстволық бағыныстағы ұйымдарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату жөнінде ұсыныстар енгізу, олардың жарғыларын бекіту;

4) халыққа медициналық көмек көрсетуге мемлекеттік тапсырысты орналастыруды, сондай-ақ денсаулық сақтау кадрларын даярлауды,

біліктіліктерін арттыруды, жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін кәсіби білім беруді жүзеге асыру;

4-1) медициналық және фармацевтикалық білім беру саласында қызметпен айналысуға арналған лицензиялауға қорытынды ұсыну және қатысу, сондай-ақ денсаулық сақтау ұйымдарын аккредитациялауды жүргізу; <*>

5) денсаулық сақтау кадрларын даярлау, қайта даярлау және біліктіліктерін арттыру жөніндегі республикалық оқу-әдістемелік бірлестікті құру;

6) ведомстволық бағыныстағы денсаулық сақтау ұйымдарының бюджет қаражатын пайдалануын тексеруді жүзеге асыру;

7) өз құзыретінің мәселелері бойынша мемлекеттік органдардан, өзге де ұйымдар мен лауазымды адамдардан ақпарат сұрату және алу;

8) мемлекеттік және өзге де бағдарламаларды іске асыру мәселелерінде қоғамдық ұйымдармен өзара іс-қимылды, салааралық және аймақаралық үйлестіруді жүзеге асыру;

9) азаматтардың денсаулығын қорғау ісіне және денсаулық сақтауды дамытуға айрықша үлес қосқан медицина қызметкерлерін Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен марапаттауға ұсыну;

10) Министрліктің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар мен халықаралық симпозиумдар өткізу;

11) Министрліктің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша нормативтік құқықтық кесімдер қабылдау;

12) денсаулық сақтау саласында ғылыми зерттеулерді үйлестіру мақсатында медицина ғылымы саласындағы жетекші ғалымдар мен мамандардан тұратын консультациялық-кеңесші орган - Денсаулық сақтау проблемалары жөніндегі ғылыми кеңес құруға;

13) азаматтардың денсаулығын сақтау ісіне сіңірген айрықша еңбегі үшін медицина қызметкерлерін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Құрмет грамотасымен марапаттау;

14) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

Ескерту. 12-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2003.11.07. N 1111 қаулысымен.

3. Министрліктің мүлкі

13. Министрліктің оралымды басқару құқығында оқшауланған мүлкі болады.

14. Министрлікке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

15. Министрліктің өзіне бекітілген мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе өзге де тәсілмен билік жасауға құқығы жоқ.

Министрлікке заңнамада белгіленген жағдайлар мен шектерде мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

4. Министрлік қызметін ұйымдастыру

16. Министрлікті Қазақстан Республикасының Президенті қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Министр басқарады.

Министрдің Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасарлары - вице-министрлері болады, бұлардың арасында міндеттерді бөлуге сәйкес олардың бірі қызметі бойынша Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитарлық дәрігері болады.

17. Министр Министрліктің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуы әрі өз функцияларының жүзеге асырылуы үшін дербес жауапты болады.

18. Осы мақсаттарда Министр:

1) Министрліктің құрылымын бекітеді, сондай-ақ вице-министрлердің, Министрліктің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттерін және өкілеттіктері шеңберін белгілейді;

2) Министрліктің қызметкерлері мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдар басшыларын қызметке тағайындайды және қызметінен босатады;

3) заңнамада белгіленген тәртіппен Министрліктің қызметкерлерін ынталандыру, материалдық көмек көрсету және тәртіптік шаралар қолдану мәселелерін шешеді;

4) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен барлық өзара қатынаста Министрлікті білдіреді;

5) бұйрықтарға қол қояды;

6) Министрліктің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

19. Министрлікте консультациялық-кеңесші орган - алқа құрылады, оның сан және дербес құрамын Министр бекітеді. Алқа шешімдері қаулымен ресімделеді және Министрдің бұйрықтарымен іске асырылуы мүмкін.

5. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату

20. Министрлікті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 1 ж ы л ғ ы 1 6 қ а р а ш а д а ғ ы

№ 1 4 6 5 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
министрлігінің қарауындағы ұйымдар

ТІЗБЕСІ

1. Мемлекеттік мекемелер

1 . < * >

2. Арал теңізі обаға қарсы күрес станциясы

3. Ақтөбе обаға қарсы күрес станциясы

4. Атырау обаға қарсы күрес станциясы

5 . < * >

6. Қазақ республикалық лепрозорийі

7. Қызылорда обаға қарсы күрес станциясы

8. Маңғыстау обаға қарсы күрес станциясы

9. Қазақстан Республикасының туберкулез проблемалары ұлттық орталығы

10. Отан соғысының мүгедектеріне арналған республикалық клиникалық
г о с п и т а л ь

11. "Балбұлақ" республикалық балаларды оңалту орталығы

12. Республикалық психиатрия, психотерапия және наркология
ғылыми-практикалық орталығы

13. Республикалық жіті бақыланатын мамандандырылған үлгідегі
п с и х и а т р и я л ы қ а у р у х а н а

14. ЖҚТБ-ның алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі республикалық
о р т а л ы қ

15. Қазақ республикалық санитарлық-эпидемиологиялық станциясы

16. "Бурабай" республикалық балалар-жасөспірімдер туберкулез санаторийі

17. Республикалық ғылыми-медициналық кітапхана

18 "Бурабай" республикалық туберкулез санаторийі

19. Республикалық арнаулы медициналық қамтамасыз ету орталығы

2 0 . < * >

21. Талдықорған обаға қарсы күрес станциясы

22. Орал обаға қарсы күрес станциясы

23. Апаттар медицинасы орталығы

24. Сот медицинасы орталығы

2 5 . < * >

26. Шымкент обаға қарсы күрес станциясы

26-1. Шалқар обаға қарсы күрес станциясы

26-2. Жамбыл обаға қарсы күрес станциясы

2. Мемлекеттік кәсіпорындар

27. Алматы мемлекеттік дәрігерлер білімін жетілдіру институты

28. Қазақ мемлекеттік медицина академиясы <*>

29. Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік
м е д и ц и н а а к а д е м и я с ы

30. (Алып тасталды - ҚРҰ-нің 2002.01.10. N 20 қаулысымен.)

31. Қазақ онкология және радиология ғылыми зерттеу институты

32. "Құрмет белгісі" орденді Қазақ көз аурулары ғылыми-зерттеу институты
 33. Кардиология және ішкі аурулар ғылыми-зерттеу институты
 34. Масғұт Айқымбаев атындағы Қазақ карантиндік және зооноздық жұқпалы аурулардың ғылыми орталығы
 35. С.Ж. Аспендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті
 36. Қарағанды мемлекеттік медицина академиясы
 37. Республикалық клиникалық психиатриялық аурухана жанындағы емдеу-өндірістік шеберханасы
 38. Республикалық қатаң бақылаудағы психиатриялық аурухана жанындағы емдеу-еңбек шеберханасы
 39. С.Х. Сұбханбердин атындағы Қазақстан медицинасы мен денсаулық сақтау тарихы мұражайы
 40. А.Н. Сызғанов атындағы хирургиялық ғылыми орталығы
 41. Академик Б.О. Жарбосынов атындағы урология ғылыми орталығы
 42. Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы
 43. Гигиена және эпидемиология ғылыми орталығы
 44. Денсаулық сақтаудың медициналық және экономикалық проблемалары ғылыми орталығы
 45. Салауатты өмір салтын қалыптастыру проблемалары ұлттық орталығы
 46. Тері-венерология ғылыми-зерттеу институты
 47. Радиациялық медицина және экология ғылыми-зерттеу институты
 48. Ана мен бала денсаулығын сақтау республикалық ғылыми-зерттеу орталығы
 49. Республикалық қан орталығы
 50. "Стоматология" республикалық ғылыми-клиникалық орталығы
 51. Республикалық орта медицина және фармацевтика қызметкерлерін даярлау және қайта даярлау жөніндегі колледж
 52. "Ақсай" республикалық балалар клиникалық ауруханасы
 53. "Алатау" балалар клиникалық санаторийі
 54. Республикалық консультативтік орталығы
 55. Республикалық оқу-әдістеме орталығы
 56. Семей мемлекеттік медицина академиясы
 57. Дәрілік құралдарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды және медицина техникасын сараптау ұлттық орталығы.
 58. Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебі
 59. Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік медицина академиясы
 60. Медициналық қызметтің сапасын талдау және бағалау ұлттық орталығы.
- < * >
61. Нашәқорлықтың медициналық-әлеуметтік проблемалары республикалық

62. Республикалық травматология және ортопедия ғылыми-зерттеу институты

63. Республикалық дәрі-дәрмек құралдарын сараптау және стандарттау жөніндегі базалық зертхана

64. Ұлттық ғылыми медициналық орталық <*>

65. Еңбек гигиенасы мен кәсіби аурулар ұлттық орталығы

66. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің шаруашылық басқармасы

Ескерту. 1, 5, 20, 25-жолдар алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.01.10. N 21

қаулысымен .

Ескерту. 26-1, 26-2-жолдармен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.03.28. N 366

қаулысымен .

Ескерту. 66-жолмен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2002.05.07. N 500

қаулысымен .

Ескерту. 12-жол жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.05.22. N 553

қаулысымен .

Ескерту. 13-жол жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.07.17. N 795

қаулысымен .

Ескерту. 57-жол жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.10.02. N 1081

қаулысымен .

Ескерту. 28-жол жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.03.14. N 249

қаулысымен .

Ескерту. 60-жол жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.05.20. N 463

қаулысымен .

ЕСКЕРТУ. 64-жол жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2003.09.29. N 989

қаулысымен . Бұл өзгеріс 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.